

Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар академиясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 мамырдағы N 536

Қазақстан Республикасында минералдық ресурстарды кешенді зерттеу және пайдалану, жаңа технологияларды өзірлеу, минералдық шикізат кешенімен шүғылданушы ғалымдар мен мамандардың әлеуетін интеграциялау, жер қойнауын пайдаланудың экономикалық және экологиялық мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Халықаралық минералдық ресурстар академиясының (ХМРА) құрамында дербес құрылымдық бөлімше болып табылатын Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар академиясын құру мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар академиясының қаржысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес ұйымдары мен азаматтарының, шетелдің заңды және жеке тұлғалары түсімдерінің есебінен, ғылыми-зерттеу, жабдықтау-конструкторлық және ақпараттық-баспа қызметі кірістерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен тиым салынбаған өзге де түсімдерден құралады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен бірлесіп заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар академиясына Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ұйымдарының ғимараттарынан қызметтік үй-жайлар, сондай-ақ көбейту және компьютерлік техникасын бөлсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі